Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

16 қазан 2025 жыл іс №7119-25-00-2-11343 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Н.С.Нурсапинов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана қаласы әкімдігінің No1 көпбейінді аурухана» ЖШК МКК

ЖАУАПКЕР:
«ТД Янтарь» ЖШС

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Астана қаласы әкімдігінің No1 көпбейінді аурухана» ЖШК МКК жауапкер «ТД Янтарь» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

«ТД Янтарь» ЖШС жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде танылсын.

«ТД Янтарь» ЖШС-нен «Астана қаласы әкімдігінің No1 көпбейінді аурухана» ЖШК МКК пайдасына 3096 (үш мың тоқсан алты) теңге тұрақсыздық айыппұл және 93 (тоқсан үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«ТД Янтарь» ЖШС-нен мемлекет пайдасына сот шығындары 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде

осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Н.С.Нурсапинов**

Көшірме дұрыс

Судья **С.Қабидолдина**

Анықтама: шешім 21 қараша 2025 жылы заңды күшіне енді

Судья **С.Қабидолдина**

Документ подписан Нурсапиновым Н.С., 16.10.2025